



010000, Астана, Парламент Мәжілісі
201 жылғы «__» _____
№ _____

010000, Астана, Мажилис Парламента
«__» _____ 201_ года
№ _____

№ исх: ДС-179 от: 29.06.2017

2017 ж. 28.06. жарияланды

**Қазақстан Республикасының
Премьер - Министрі
Б.Ә. Сағынтаевқа**

Депутаттық сауал

Құрметті Бақытжан Әбдірұлы!

Бүгінгі таңда Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың *«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру»* атты өзекті мақаласы оқырман қауымына үлкен ой салып, баршамызды Қазақстанның үшінші жаңғыруына атсалысуға шақырады. Осы мақалада қазақ тілі мен әдебиетіне зор көңіл аударылып, *«Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық»* және *«Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтары»* атты жобаларды іске асыру көзделеді.

Елбасы осы мақалада *«...жаңғыру ... бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрге шекеден қарамау керек. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу керек. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр алмаса, ол адасуға бастайды»* деп жазды.

Елбасының осы бастамасын жалғастыру мақсатында және осы бастамада көрсетілген міндеттер мен тапсырмаларды іске асыру үшін Сейітқасым Байбеков бастаған бір топ гуманитарлы және нақты ғылымдар мамандары, атап айтсақ әдебиеттану, филология, математика, физика, IT-технология, техника және басқа да ғылымдар мамандары: ғылым докторлары мен кандидаттары және PhD-докторлары *«Ұлы далалық байырғы қазақи көне есептер - қазақ фольклорының қасиетті рухани құндылығы»* атты ғылыми жобаны жүзеге асыруға ұсыныс беріп отыр.

Фольклор тек қана аңыздар, қиссалар, ертегілер, мақал-мәтелдер, жырлар, жұмбақтар мен жаңылтпаштар және сол сияқтылар ғана емес. Фольклордың ауқымы өте үлкен. Мәселен, жұмбақтар дегеніміз

дедукция және индукция әдістерімен шешілетін математикалық логика есептері екені баршамызға мәлім. **Демек, халықтың байырғы көне есептері де фольклордың өзіндік бір тармағы болып табылады.** Өкінішке орай, бұл тақырып осы күнге дейін бізде ғана емес, барлық елдерде де әлі зерттелмеген, тіпті зерттелуі басталмаған проблема. **Демек, халықтың көне есептерін зерттеу және оны бір жүйеге келтіру өз алдына жаңа ғылыми бағыт болып табылмақ.** Егер осы ғылыми жұмысты тиянақты атқара алсақ, онда халқымыздың қасиетті рухани құндылығы одан сайын тереңдеп қана қоймай, бүкіл әлемдік фольклор ғылымына жаңа бағыт-жол салып, үлгі көрсетер едік.

Қазақи көне есептер қарапайым арифметикадан бастап геометрияны, жоғарғы математиканы, тіпті сандар теориясын да қамтиды. Оның ішінде Абылай хан, Бәйдібек, Сыланды ана, Төле би, Қаздауысты Қазыбек, Саққұлақ шешен, Бөлтірік шешен және басқа да тарихи тұлғалар аттарымен аталатын есептер өзіндік келбетпен ерекшеленіп тұрады.

Осындай тақырыптарды зерттеуге мән беріп қолдау көрсетуіңізді байырғы рухани құндылықтарды жаңғыртуға ықпал етуіңізді өтінеміз.

Жауабын Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген мерзімде беруіңізді сұраймыз.

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің депутаты,
«Нұр Отан» партиясы Фракциясының мүшесі**

Б.Тілеухан

Ә.Бектұрғанов